Үстіміздегі жылдың 18 қаңтар күні №8 «Айсұлу» инклюзивті бөбекжайында **«КІТАППЕН ДОС БОЛАЙЫҚ»** тақырыбындағы оқу сауаттылық апталығының ашылуы өтті.

Балаларға қонаққа Алпамыс батыр келіп, «Читландия» еліне саяхатқа шықты. Балаларға кітаптар туралы сұрақтар қойып, көрмені тамашалады.







Содан соң балаларға «Кітаптың пайда болуы» туралы бейнеролик көрсетілді. «Ыбырай Алтынсарин және оның шығармалары» атты көрме ұйымдастырылып, балаларға Ыбырай Алтынсарин туралы көптеген мағлұматтар берілді.





Балаларға Әлем халықтарының ертегілері оқылып, ертегілерді талдады. Бүлдіршіндер ненің жаман, ненің жақсы екенін айта отырып, ертегі кейіпкерлеріне мінездеме берді. Балалар орыс халқының «Шалқан» ертегісін сахналады. Бүлдіршіндер бұл ертегіні сахналау арқылы «Бірлесіп көтерген жүк жеңіл» екенін ұғынды.







Бұл күн кітап бұрышындағы жұмыспен өз жалғасын тапты.






Түстен кейін ата-аналармен жұмыс ұйымдастырылып, «Көркем әдебиет – мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғасын қалыптастыру мен дамытудың маңызды құралы» тақырыбында кеңес беріліп, балабақша ата-аналарының қатысуымен букроссинг ұйымдастырылды.








Бұл күні бөбекжай педагогтарымен жұмыс ұйымдастырылып, «Балаларды туған өлкенің мәдениетімен таныстыру процесінде қазақ халық ертегілерін пайдалану» атты шеберлік сағаты өткізілді. Бұл шеберлік сағатында туған өлке мәдениеті айқындалған ертегілер айтылды. Педагогтар «Оқжетпес» ертегісін талқылып, тастардан Оқжетпес мүсінін жасап шығарды.






ОҚЖЕТПЕС